

Азғырылу

Азғырылуға қалай дайындалуға
және дұрыс қарсы тұруға болады



Азғырылу

**Азғырылуға қалай дайындалуға
және дұрыс қарсы тұруға болады**

Дэвид Бетти

Оқытушыға арналған оқу құралы

6-басылым



Азғырылу
Азғырылуға қалай дайындалуға
және дұрыс қарсы тұруға болады
Дэвид Бетти
Оқытушыға арналған оқу құралы
6-басылым

Аталмыш курста пайдаланылған Киелі кітаптағы аяттар Киелі кітаптың келесі басылымынан алынды: «Киелі кітап», «Жаңа өмір» баспасы, 2010.

Авторлық құқық қорғалған, © 1978, 1995, 2005, 2014, 2017, Тин Челлендж, АҚШ.

Түпнұсқадағы материал ағылшын тілінде басып шығарылды, атауы – *Temptation, 6th edition*. Атаулы материал қазақ тіліне Глобал Тин Челлендждің және Ұлттық Тин Челлендж Ресей кеңсесінің рұқсатымен аударылды.

Осы курстың қазақ тіліндегі аудармасын алдағы уақытта Тин Челлендж орталықтарында, басқа оңалту орталықтарында, жергілікті қауымдарда, оқу орталықтарында, өзге де ұйымдарда және жекеменшік лицейлерде пайдалану үшін көшірме жасауға әрі таратуға рұқсат беріледі. Сондай-ақ курс материалдарын ғаламтор желісі арқылы www.iTeenChallenge.org сайтынан тегін жүктеп алуға болады.

Осы ретте материалдарды сату үшін қолдануға болмайтынын, тек тегін таратуға болатыны туралы хабарлаймыз. Бұл материалдарды басып шығарғысы немесе сатқысы келетін тұлғалар Глобал Тин Челлендж кеңсесінен алдын ала жазбаша рұқсат алуы қажет.

Осы курс – «Жаңа өмір» топтық сабақтары материалдарының бір бөлігі қауымдарда, мектептерде, түрме қызметтерінде, Тин Челлендж орталықтарында және жас сенушілермен жұмыс жасайтын басқа осы іспеттес қызметтерде пайдалану үшін әзірленген.

Аталмыш курс материалы Оқытушыға арналған оқу құралынан, Студенттерге арналған оқу құралынан, Жұмыс дәптерінен, бақылау жұмысы және Курстан өткені туралы сертификаттан тұрады. Нақты ақпарат алу үшін келесі мекенжайға хабарласуыңызды сұраймыз:

Қазақстан Республикасы,
050049, Алматы қаласы,
«Жұлдыз-2» ықшамауданы, 26А үйі.
maxut_eskaliev@mail.ru

Global Teen Challenge
PO Box 511
Columbus, GA, 31902 USA
Email: gtc@globaltc.org
Web: www.globaltc.org www.iTeenChallenge.org



Соңғы нұсқа 02-2023

Азғырылу

Азғырылу әрбір мәсіхшінің қарапайым өмір салтының бір бөлігі болып табылады. Аталмыш курстың негізгі міндеті – жас сенушіге азғырылумен күресу жөнінде бірқатар тәжірибелік кеңестер ұсыну.

1

1-тарау. Жас сенушінің өміріндегі азғырылулар

Біз азғырылуды, оның мәсіхші өміріне қандай байланысы бар екенін зерттейтін боламыз. Сонымен бірге азғырылуға ұшыраған салаларға қатысы бар біздің мұқтаждықтар мен қалаулар мәселелеріне де назар аударатын боламыз.

2

2-тарау. Азғырылуды жеңу үрдісі

Бұл тарауда азғырылуға тап болғанда пайдалануға болатын тәжірибелік кеңестер беріледі.

3

3-тарау. Азғырылуға қалай дайындалу керек

Біз бұл тарауда адамның азғырылуға төтеп беруге дайын болуы үшін жасайтын тәжірибелік қадамдарын ұсынатын боламыз. Біз мәсіхшілердің Құдайға жақындауы және өз мұқтаждықтарымызды Құдайға ұнамды әдістермен қанағаттандыру турасында әңгіме өрбітеміз. Сондай-ақ бұл тарауда өз қалауларымызды Құдайға ұнамды арнаға бағыттау төңірегінде сөз қозғалады. Осы тарауда кейбір азғырылулардың қалай алдын алуға болатыны жөнінде талқылау қарастырылған.

4

4-тарау. Сәтсіздіктер және оларды Құдайдың қалауымен қалай жеңуге болады

Жас мәсіхшілер кейбір азғырылулар мен күнәларға берілетіні сөзсіз. Біз бұл тарауда азғырылуға түскенде Құдаймен қарым-қатынасымыз қандай жағдайда болады және егер біз азғырылуға берілгенде не істеуіміз қажет екені туралы сөйлесетін боламыз.

Оқытушыға арналған оқу құралына не кіреді

Аталмыш оқу құралы төрт бөлімнен тұрады. Әрбір бөлім титулдық парақтан басталады.

1. Оқытушыға арналған сабақтардың конспектілері
2. Студенттерге арналған оқу құралы
3. Жұмыс дәптері
4. Студенттерге арналған бақылау жұмысы және Курстан өткені туралы сертификаты

Бөлімдердің әрқайсысын қалай пайдалану туралы түсіндірме бірден кіріспеден кейін келесі бетте беріледі.

Кіріспе

Аталмыш жоба – жас сенушілерге арналған сабақтар үшін әзірленген курстар сериясының бөлігі. Біздің ескеруімізше, бүгінгі күні жас сенушілерге Мәсіхтің өсиеттерін күнделікті өмірде іс жүзінде пайдаға асыруға көмектесу аса маңызды қажеттілік екені анық. Бұл курстарды қауымдардағы жастар қызметі үшін, күнделікті мәсіхшілік өмірінің жемісті болуын қалайтын ересектер үшін де өте тиімді пайдалануға болады.

Бұл жобаның және «**Жаңа өмір**» топтық сабақтары сериясының барлық басқа курстарының негізгі мақсаты – жас сенушілермен олар үшін маңызды тақырыптарда сөйлесу. Біз осы тақырыптарды терең зерттеуді, студенттердің күші сарқылғанша оқытуды мақсат етпейміз.

Тин Челлендж АҚШ Оқу бағдарламалары комитеті осы курстар материалдарын редакциялық өңдеу бойынша жұмыстарды жалғастыруды жоспарлап отыр. Біз осы материалдарды жетілдіру бойынша сіздердің ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды қуанышпен қабылдаймыз.

Оқытушыға арналған оқу құралын қалай пайдаланады?

1. Оқытушыға арналған сабақтардың конспектілері

Бұл бөлімнің бірінші беттерінде осы курсқа жалпы шолу жасалады.

Келесі бет – Тапсырмалар тізімінің бланкісі. Бұл тізімде Жұмыс дәптері жобаларының әрқайсысының орындалуы тиіс уақыты, сондай-ақ сауалнамалар мен бақылау жұмыстарының орындалу уақыты көрсетіледі. Әр курстың басында әрбір студентке Тапсырмалар тізімінің барлық ақпараттары ұсынылуы қажет. Мұндай тізімнің таза бланкісі әрбір Студентке арналған оқу құралына кіріктіріледі.

Бұдан әрі оқу құралында әрбір сабақтың конспектілері беріледі. Әрбір конспектіде «Негізгі Киелі кітаптық ақиқат» және «Киелі жазбадағы негізгі аят» бөлімдері болады. Бұл бөлімдер студенттерге әр сабақтың басында оқып беріледі. Сондай-ақ олар сабақ барысында талқыланатын тақырыпқа баса назар аударуы тиіс.

Бұдан әрі бұл бөлімдерден соң сабақ материалын қалай оқыту туралы бірқатар пікірлер келтіріледі. Көп жағдайда біз Студентке арналған оқу құралына немесе Жұмыс дәптерінің жобаларына жүгінеміз.

Әр сабақ «Тәжірибе жүзінде қолдану» бөлімімен аяқталады. Бұл сабақтың құндылығын бағалау мүмкін емес. Жас сенушілерге өз өмірінде Киелі кітаптық оқытуларды тәжірибе жүзінде пайдалануды қалай бастауы үшін тек айқын кеңестер қажет. Өз студенттеріңізге теориялық білімді тәжірибе жүзінде қолдану үрдісін бастауға міндетті түрде жеткілікті уақыт бөліңіз.

Әр сабақтың соңында студенттерге арналған тапсырмалардың тізімін келтіреміз.

Осы курстардың басым бөлігі басында ұзақтығы бір сағат болатын бес сабаққа шақталып әзірленген. Сабақтардың соңында бақылау жұмысына уақыт беріледі. Аптасына бес күн бойы сабақтар жүргізген жағдайда бұл серияның 14 курсының барлық материалдарын үш-төрт ай аралығында өтуіңізге болады. Егер сіз сабаққа аптасына бір сағат қана арнасаңыз, бір курстың сабақтарын сіз бір айдың аралығында өткізуіңізге болады – ал барлық сабақтар курсын өткізуге шамамен бір жыл кетеді.

Бұл курстардың басым көпшілігінің материалдарын ұзақ уақыт аралығында сабақты өткізуге немесе көптеген сабақтарға бөліп өтуге оңай болады.

2. Студенттерге арналған оқу құралы

Студенттерге арналған оқу құралын екі нұсқада пайдалануға болады. Сіз студенттерден сабаққа дайындалу үшін қажетті материалды оқуды сұрай аласыз. Немесе сіз тақырып бойынша сабақты өткізгеннен кейін сіздің сабақта айтқаныңызды қайталау, тақырыпты бекіту үшін олардан материалды оқуын сұраңыз.

Біз сізден студенттердің қолында «Студенттерге арналған оқу құрылы» болса да, олардың жеке жазбалар жүргізуін сұрауға кеңес береміз. Олардың сабақ барысында жасаған жазбалары Студенттерге арналған оқу құралында келтірілген кейбір мәселелерді анықтауға көмектеседі.

3. Жұмыс дәптері

Жұмыс дәптерінің жобалары студенттердің сабақтан кейін тапсырмаларды орындауы үшін әзірленген. Кейбір жобалар оларға келесі сабаққа дайындалуға көмектеседі.

Жобалардың көбісі студенттердің сабақта талқылаған тақырыптары туралы терең ойлануы үшін көмек ретінде әзірленді. Бұл тапсырмалардың көпшілігінің негізгі мақсаты – оларға күнделікті өмірінде Киелі кітаптық ақиқаттарды тәжірибе жүзінде қолданудың әдістерін табуға көмектеседі.

4. Бақылау жұмысы

Бақылау жұмысы әрбір студенттердің курс барысында талқыланған Киелі кітаптық ақиқаттары туралы түсініктерінің өзгергенін бағалау үшін әзірленген. Бақылау жұмыстардың жауаптары осы Оқу құралындағы бақылау жұмысының үлгісінен кейін бірден беріледі.

5. Курстан өткені туралы сертификат

Сертификат осы курстың барлық қажетті тапсырмаларын орындаған әрі бақылау жұмысын тапсырған студенттердің жетістіктерін тану үшін беріледі. Сертификаттың үлгісі аталмыш Оқу құралының соңғы беттерінде тұр. Сертификат «**Жаңа өмір**» топтық сабақтар сериясының барлық курсынан толық өткен студенттерге курсты аяқтағаны туралы сертификат табысталады. Бұл сертификаттың үлгісін сіз «**Жаңа өмір**» топтық сабақтарын оқытуға кіріспе кітабынан таба аласыз.

Бұл сабақтардың материалдарының пайда болуы

Бірде Сүлеймен жер бетінде ешбір жаңа дүниенің жоқ екенін айтқан еді. Бұл сабақтар туралы да біз солай айта аламыз. Бұл идеялардың өзегінде жаңашыл ешнәрсе жоқ. Аталмыш материалдарды әзірлеген адамдардың өміріне әсер еткен ықпалдары үшін Билл Готардуға және Өмірдің қағидаларын зерттеу институтына ерекше алғыс білдіргіміз келеді.

Мен сонымен бірге осы материалды соңғы бірнеше жылдың аралығында пайдаланып келген көптеген оқытушылар мен мыңдаған жас сенушілерге шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Олардың айтқан идеялары осы курстарды әзірлеу барысында маңызды рөлге ие екені анық. Сондай-ақ мен Бруклинде, Нью-Йоркте 1971-1975 жылдар аралығында Тин Челлендж орталығында жұмыс істеуге мүмкіндік берген Дон Вилкерсонға шексіз алғыс айтамын. **«Жаңа өмір» топтық сабақтарын** әзірлеудің жұмыстары тура сол кезде басталған-ды.

«Жаңа өмір» топтық сабақтары материалдарының бесінші басылымы Тин Челлендж АҚШ Оқыту бағдарламалары комитетінің қатысуымен әзірленді. Материалдардың редакциялық өңдеуіне қатысқан барлығына ерекше алғыс айтамын.

Осы материалдардың көшірмесін жасау ережелері

Оқытушыға арналған оқу құралы және **«Жаңа өмір» топтық сабақтары** курсына жататын студенттерге арналған барлық материалдар авторлық құқық туралы заңмен қорғалған. Бұл материалдардың қазақ тіліне аударылуы құқық иесінің келісімімен орындалды. Алдағы уақытта Тин Челлендж орталықтарының, басқа да оңалту орталықтарының, жергілікті қауымдардың, оқу орталықтарының, өзге ұйымдардың және жеке тұлғалардың пайдалануы үшін көшірме жасауға әрі таратуға рұқсат етіледі. Курстың материалдарын www.iTeenChallenge.org сайтынан ғаламтор арқылы тегін жүктеп алуыңызға болады.

Соған қарамастан, бұл материалдарды сатылымға шығару мақсатында қолдануға болмайды, тек тегін таратуға болады. Бұл материалдарды басып шығаруды және сатуды қалайтын тұлғалар Глобал Тин Челлендж кеңсесінен алдын ала жазбаша рұқсат алуы қажет.

Дэвид Бетти

Курстарды оқытудың ұсынылатын реттілігі

Бұл курс – «Жаңа өмір» топтық сабақтары бойынша 14 курстар сериясының бірі. Біз сізге барлық 14 курстың тізімін оларды оқыту реттілігімен бірге ұсынамыз. Осы курстардың реттілік тізімі курстар үздіксіз оқытылатын жағдайда ғана ұсынылады. Бұл курстарды оқытудың үрдісін велописедтің 14 инелі дөңгелектері түрінде елестетуге болады. Осы курстардың материалдары өзара бір-бірімен байланысы жоқ және келесі курс алдындағы курсқа негізделмеген. Әрбір курс басқалардан бөлек. Олар студенттердің сабақтың кез келген кезеңінде сабаққа қосыла алуы, ортақ жұмысқа қосылуы оңай болуы үшін әзірленді.

1. Мен мәсіхші екенімді қалай білемін?
2. Киелі кітапқа қысқаша шолу
3. Жаңаша ойлау
4. Азғырылу
5. Табысты мәсіхшілік өмір
6. Сәтсіздіктер арқылы рухани өсу
7. Мәсіхшілік өмірдің тәжірибесі (жергілікті қауымдармен қарым-қатынасы)
8. Құдайға мойынсұну
9. Адамға мойынсұну
10. Ашу-ыза және жеке құқықтар
11. Киелі кітапты қалай зерттеу керек
12. Сүйіспеншілік және өзін қабылдау
13. Айналасындағылармен жеке қарым-қатынас орнату
14. Рухани билік және Құдайдың құдіреті

«Жаңа өмір» топтық сабақтарын оқытуға кіріспе оқу құралында бұл курстарды оқыту туралы қосымша ақпараттар бар.

Оқытушыға арналған сабақтардың конспектілері

Сабақтардың конспектілерін қалай пайдалану туралы ақпаратты
оқытушыға арналған оқу құралының 4-бетінен қараңыз.

Курсқа шолу

1. Бірінші сабақ басталмастан бір-екі күн бұрын сіз студенттерге осы курсты таныстырып, оларға бірнеше тапсырмалар бере аласыз. Егер мүмкіндік болса, оларға осы курс бойынша сабақтар басталмай тұрып, сабақтар басталатын күннен екі-үш күн бұрын Студенттерге арналған оқу құралын таратып беріңіз. Студенттерге арналған оқу құралын беріп, 1-тарауды оқып келуін сұраңыз. Бұл туралы бірінші сабақта талқылайтын боласыздар.
2. Біз келесі бетте әрбір тапсырмалардың қашан орындайтын күні берілген Тапсырмалар тізімінің бланкісін ұсынамыз. Олардан Жұмыс дәптерімен қоса берілген Тапсырмалар тізімінің таза бланкісіне тиісті күнді жазуды сұраңыз.
3. Студенттерге бірінші сабақтың басында Жұмыс дәптерінің 1, 2-жобаларын орындайтыны туралы ескертіп қойыңыз. 2-жобаны қысқаша түсіндіріп беруге болады. Жобада азғырылған сәтте шайтанның оларды қанағаттандыруға мәжбүрлеуге тырысатын мұқтаждықтар мен қалауларын анықтау ұсынылады (2-жобаның 4 және 5 сұрақтарын қараңыз). Бұл тақырыпты біз бірінші сабақта талқылайтын боламыз.

Оларға тапсырманы түсінбесе және білмесе, онда сауалдарға жауап бермей, бос орын қалдырып кетуіне болатыны туралы айтыңыз. Олар 2-жобаның жұмыстарын бірінші сабақтың барысында немесе соңында аяқтауына болады. Соған қарамастан олар бірінші сабақтың басына дейін 2-жобаның барлық мысалдары бойынша алғашқы үш сұраққа жауап беруі керек.

4. **Сыныптан тыс сабақтар.** Әр сабақтың маңызды сәттерін есте сақтау үшін студенттерге көмектесудің ең қарапайым жолы – компьютерде немесе қолдан постер (плакат) жасау.

Мысалы:

- Азғырылудың анықтамасы
- Азғырылуды жеңудің алты деңгейі
- Азғырылуға төтеп беруге қалай дайын болу керек
- Киелі жазбадағы азғырылу тақырыбына арқау болатын маңызды аяттар: Тімотеге арналған 2-хат 2:22, Забур жыры 36:4-5, Жақыптың хаты 4:7-8 және т.б.
- Маңызды мәлімдемелер, мысалы: егер мен азғырылуға берілсем, онда мен неге ұшыраймын?

Оқытушы әрбір сабақтың соңында кішігірім постерлерді алғысы келетін студенттерге оларды табыстайды. Студенттер өздерінің сабаққа дайындалатын орындарында, жатын бөлмелеріне іліп қояды немесе тіпті өз отбасыларына жібереді. Осылайша, сабақтың маңызды сәттері студенттердің және басқа адамдардың көз алдында болып, естерінде қалады.

Тапсырмалар тізімі

Курстың атауы _____ Азғырылу _____

Сауалнамалар Жаттауға арналған аяттар Күні

- | | | |
|----|---|-------------------|
| 1. | _____ Қорынттықтарға арналған 1-хат 10:13 _____ | _____ 2-күн _____ |
| 2. | _____ Жақыптың хаты 4:7-8 _____ | _____ 3-күн _____ |
| 3. | _____ Азғырылуды жеңу жолы _____ | _____ 4-күн _____ |

Жобалар дейін орындау

1. _____ 1-күн _____
 2. _____ 1-күн _____
 3. _____ 2-күн _____
 4. _____ 2-күн _____
 5. _____ 3-күн _____
 6. _____ 3-күн немесе 4-күн _____
 7. _____ 3-күн немесе 4-күн _____
 8. _____ 4-күн _____
- _____

Бақылау жұмысы _____ 5-күн _____

1

1-сабақ**Өз мұқтаждықтарымды тануды қалай үйренуге болады****1. Негізгі Киелі кітаптық ақиқат**

Мен шайтанның өзінің әдісімен қанағаттандыруды азғыруға тырысатын өз мұқтаждықтарымды тануым керек.

2. Киелі жазбадағы негізгі аят: Філіпіліктерге арналған хат 4:19

Ал Иса Мәсіхпен жүрген сендердің барлық қажеттеріңді де менің Құдайым Өзінің керемет байлығы бойынша қамтамасыз ететін болады.

3. Студенттерге арналған материалдарға сілтемелер

Студенттерге арналған оқу құралының 1-тарауы осы сабақтың материалына сәйкес келеді. Сондай-ақ осы сабақта «**Киелі кітаптағы азғырылу тақырыбы**» 1-жобасы және Жұмыс дәптерінің «**Менің азғырылуларымды анықтау**» 2-жобасы пайдаланылады.

4. Сергіту (5 минут)

Бұл сабақты ұсыну үшін бірнеше студенттерге келесі сауалға жауап беруін сұраңыз.

Біре минутқа өзіңізді Едемегі пейіш бағындағы Адам ата мен Хауа ана ретінде елестетіп көріңізші. Құдай бақтағы бұл ағашты орнатып, оның жемісін сіздерге жемеуді ескерткенін білесіз. Біз Адам мен Хауаның жемісті жегенін және бақтан қуылғанын білеміз. Егер сіз Адам мен Хауа болсаңыз, сздер бұл ағаштың жемісін жейтін бе едіңіз?

5. «А. Азғырылу дегеніміз не?» бөлімін талқылаңыз (5-10 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 4-5 бет)

Конструктивтік азғырылулар (әдетте оны сынақ деп атайды) мен күнәға азғырылудың арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз. Мәсіхші күнәға азғырылуға берілсе, онда оның өмірінде әрқашан бұзушылықтар болады. Әр азғырылудың түріне бірнеше мысалдар келтіріп, кейін курстың барысында конструктивті азғырылуларды немесе сынақтарды емес күнә жасауды талқылайтындарыңызды түсіндіре кетіңіз.

6. Азғырылу туралы постер

Азғырылуға төмендегідей анықтама беріп, постер жасаңыз және курс материалы бойынша сабақтың кезінде оны пайдалану үшін сынып бөлмесіне іліп қойыңыз. Анықтама Студенттерге арналған оқу құралының 4-бетінде берілген.

Азғырылу
Сіздің мұқтаждығыңыздың және қалауларыңыздың
орнын толтыру үшін шайтанның сізді Құдай заңдарын
бұзуға мәжбүрлеуге тырысуға әрекет ететін жағдаяты.

Біздің студенттерге сіз ұсына алатын тағы бір тапсырма – шайтанның бізді азғыруға тырысатын кейбір салаларына суреттемелер (иллюстрациялар) әзірлеу. Оларға жарнамалық журналдар мен газет беттерінен суреттерді және сөздерді қиып алуға ұсыныс білдіріңіз.

7. «Ә. Азғырылу мәсіхшінің өмірінде қандай орынға ие?» бөлімін талқылаңыз (5 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 5-6 бет)

Мәсіхшінің өмірінде азғырылу қандай орында екенін түсіну үшін сабақ барысында бірнеше минут арнаңыз. Азғырылудың тек мәсіхші өмірінің құрамдас бөлігі екенін студенттер түсінуі тиіс. Олардың әрбір өмірлік жағдайын күнәға азғырылу мүмкіндігі ретінде қарастырудың керегі жоқ. Олар белгілі бір күндері азғырылуларға көп тап болып, басқа күндері азғырылуға түспеуі де мүмкін. Біз мәсіхшілер рухани өскен сайын азғырылулармен күресуден гөрі нақты істермен айналысуымыз керек.

8. Бізді күнә жасауға кім мәжбүрлейді? (5 минут)

«Бізді күнә жасауға азғыратын кім?» деген тақырып аясында талқылау жүргізіңіз. Оларға Жұмыс дәптерінің Азғырылу тақырыбы бойынша 1- жобасының 1, 2-сұрақтары бойынша жазған жауаптарын және Киелі жазбадағы аяттарды пайдалануды ұсыныңыз.

1. Құдай адамдарды күнә жасауға азғыра ма? (Жақып 1:13)

2. Адамдарды күнә жасауға кім азғырады?

(Мәсіхті күнә жасауға кім азғырды?) Матай 4:1-11 оқыңыз.

1

9. «Б. Мұны істеуге мәжбүрлеген шайтан ба?» бөлімін талқылаңыз
(3-5 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 6-7 беттер)

Олар өз мұқтаждықтары мен қалауларын қалай қанағаттандыратыны туралы шешімдерді қабылдау кезінде жеке жауапкершілікті алудың қаншалықты маңызды екенін ескеріп, астын сызыңыз.

Құдайдың және шайтанның бізге ұсынатын «есіктерін» салыстыру барысында «Студенттерге арналған оқу құралының» 6-7 бетеріндегі суреттерін пайдалануға болады. Сіздердің студенттерде туындауы мүмкін белгілі бір мұқтаждықты қанағаттандыру үшін Құдай мен шайтанның ұсынатын әртүрлі есіктері турасында бірқатар мысалдар келтіріңіз.

10. Құдай сізді қалай азғырады? (3-5 минут)

Шайтан келіп: «Сәлем мен шайтанмын, мен сені күнә жасауға азғырамын», – деп айта бермейтіні туралы түсіндіріп өтіңіз. Ол сіздің ойыңызға келіп, сіздің мұқтаждығыңызды қанағаттандыруға көмектескісі келетінін білдіреді. «Менде мұқтаждық бар. Саған жаңа әрі әдемі киім керек. Оны алудың ең қарапайым жолы бар. Сатушы басқа адаммен сөйлесіп тұрғанда, оны ұрлап ал».

11. Мәсіхтің азғырылуы

(10-15 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 11-бет)

Мәсіхтің тап болған үш азғырылуы және шайтанның Оның қанағаттандыруына ұсынған мұқтаждығы туралы талқылаңыз. Матай 4:1-11 қараңыз. Студенттерге Жұмыс дәптерінің 1-жобасындағы сауалдардың жауаптарына жүгінуге ұсыныс білдіріңіз.

Мәсіх қашан күнә жасауға азғырылды?

Шайтан үш азғырылу арқылы Мәсіхтің әртүрлі қажеттіліктері мен қалауларын қанағаттандыруда Оны мәжбүрлеуге әрекеттенді.

1-азғырылу – тастарды нанға айналдыру. Матай 4:2-4

Мұқтаждық – Иса аштықты басынан өткерді. Оған тамақ қажет еді.

Қалау – осы мұқтаждықты қанағаттандыру үшін Онда билік болғанын дәлелдеу. Оның кереметтер жасай алатынын дәлелдеу.

2-азғырылу – ғибадатхананың төбесінен секіру. Матай 4:5-7

Қалау – Ол Құдайға сенім артатынын дәлелдеу.

Қалау – Құдай Оны сақтандыратынын дәлелдеу.

3-азғырылу – әзәзіл Исаға бар әлемнің үстінен бақылауды ұсынды.

Матай 4:8-10

Шайтан әлемнің бар байлығын Мәсіхке көрсетіп, егер Ол оған бас иіп, ғибадат етсе, онда осының барлығын Оған ұсынатынын айтады.

Қалау – Өз міндетін орындап, жеңіл жолмен әлемді бағындыру (иелену).

(Құдайдың әдісіне қарама-қайшы болады, нәтижесінде бұл әдіс Мәсіхті айқыш ағаштағы азапты өлімге әкеліп соқты.)

Студенттерге арналған оқу құралы 11-бет

12. «В. Сіздің мұқтаждықтарыңыз бен қажеттіліктеріңіздің азғырылумен қандай байланысы бар?» бөлімін талқылаңыз

(5-15 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 7-9 беттер)

Сіздің студенттер азғырылу мен мұқтаждық арасындағы айырмашылықты түсіне бастағанына сенімді болыңыз. Мұқтаждық – нақты шындық. Егер адам тамақ ішпесе, онда ол адамның тамақ ішуге деген физикалық мұқтаждығы туындайды. Тамақты ұрлап алуға шайтан азғырады, бұл мұқтаждықты қанағаттандырудың бір әдісі. Әрбір азғырылу сіздегі бар мұқтаждық пен қалаулармен байланысты. Кейде сіз өз мұқтаждығыңызды түсіне алмайсыз.

Сабактың бұл деңгейінде Студенттерге арналған оқу құралының 8 бетінде мұқтаждықтардың тізімін талқылау орынды болады. Әрқайсымызда мұқтаждықтардың барын түсіндіре кетіңіз. Нақты азғырылулар мен мұқтаждықтардың бірнеше мысалдарын келтіріңіз. Студенттеріңізге Құдайдың бұл мұқтаждықтарды қанағаттандыруға қалай көмектесетінін мысалдар арқылы суреттеп беріңіз. Шайтан да осы мұқтаждықтарды қанағаттандыруға көмектесуге тырысады.

13. «Г. Сіздің қалауларыңыздың азғырылумен қандай байланысы бар?» бөлімін талқылаңыз (5-10 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 10-13 беттер)

Студенттеріңізге барлық азғырулар біздің өміріміздегі мұқтаждыққа бағытталмағанын түсіндіруге көмектесіңіз. Кейбір азғырылулар біздің қалауларға бағытталады. Бұл қалаулардың кейбіреулері өте орынды қалаулар болуы мүмкін – біздің беделіміздің зардап шекпеуі үшін жаңа екі жұп аяқ киімді және т.б. қалау.

Күнәкарлық болмысқа ие басқа қалаулар – айналаңыздағыларға өзімшілдіктен, ренжуден туған кек алу сынды қалаулар. Қалаулардың күнәкарлық болмысқа ие екенін анықтаудың қарапайым жолы – сол қалаулардың ізімен жүріп, неге қол жеткізетінімізді көру. Егер ісіміз күнәкарлық табиғатқа ие болса, онда сірә, бұл қалаудың табиғаты – күнәкарлық болмыс.

Мысалы, егер сіз басқа некедегі ер адаммен немесе әйелмен жыныстық қатынасты қаласаңыз, онда ол қалау күнәкарлық болмыстан туындайды.

Қарама-қарсы жынысты адаммен жыныстық қатынасты қалау – табиғатында күнә

1

емес. Алайда егер қалауларымыз некедегі адаммен байланысты болса, онда осы қалаудың күнә екені анық.

Некеде тұрмаған адам үшін қарама-қарсы жынысты адаммен жыныстық қатынасқа түсуді қалау қалыпты жағдай. Бірақ Киелі кітапта өте айқын айтылған, некеге дейін бұл қалауларға еру, әрекет жасау және басқа адаммен жыныстық қатынасқа түсу – ол Құдайдың заңдарын бұзу.

Мұны талқылау барысында Киелі жазбадағы екі аятты қарастыру керек.

Тімотеге арналған 2-хат 2:22

Сонымен жастықтың құрамлықтарынан бас тартып, пәк жүрекпен Иемізге сиынатындардың бәрімен бірге әділдік, сенім, сүйіспеншілік және татулыққа ұмтыл

Құдай бізге біздің жүрегімізде туындаған кез келген қалаулардың барлығын оң қабылдауға болмайтынына нақты түсінік береді. Біздің бойымызға мәдениетіміз сіңірген дүниелерге бұл көзқарас қайшы келеді. Мәдениет адамдарға өз қалауларына ерік беруді үйретеді. Құдайдың айтуынша, кейбір қалаулардың соңынан еруге болмайды. Бәрінен бұрын Құдай бұл қалауларға мән бермей жүре беру туралы айтпады. Ол бізді «құмарлықтардан бас тарту» керектігін, содан кейін «пәк жүрекпен Иемізге сиынатындардың бәрімен бірге әділдік, сенім, сүйіспеншілік және татулыққа ұмтылуды» үйретеді.

Қорынттықтарға арналған 2-хат 10:5

Адамдардың Құдайды тануларына бөгет болатын тәкаппарлық атаулыны құртып, күллі ой-пікірлерін Мәсіхке бағындырамыз.

Мұнда Құдайдың Сөзі әрбір қалауларға ықпал ете алу үшін оның қандай қалау болғанына қарамастан, іске асыратын әрекеттердің нақты реттілігін ұсынады. Егер бұл қалау Құдайдың Сөзіне қарсы бағытталатын қалаулар болса, онда одан бас тарту қажет. Екінші ой – біз кез келген ойды, кез келген қалауларды Мәсіхке бағындыруымыз керек.

Бақылауға келмейтін қалаулар біздің өміріміздегі мәселелердің салдары болатын әрекеттерге әкелетіні сөзсіз. Бақылауға келмейтін қалаулар күнәкарлық әрекеттерге алып келуі мүмкін. Құдайдың Сөзі осы немесе басқа да қалауларды қалай қабылдау керектігіне жауаптылықтың және таңдау қабілетіміздің бар екенін нақты айтады. Құдай қалауларға дұрыс ықпал ету үшін бізге күш береді, ол өз кезегінде Оған құрмет әкеледі.

Назар аударыңыз, шайтан біздің өз қалауларымызды шабыттана қанағаттандырғанымызға мүдделі – егер бұл жағымды болса, неге олай болмаса! Құдай біздің өз қалауларымызды бағалағанымызды, бәрінен де қалауларымызға сәйкес өз әрекеттеріміздің салдарын қарастырғанымызды қалайды. Егер бұл әрекеттер күнәнің себебі болса, онда Құдай Сөзінің үйретуі бойынша, бізге мұндай қалаулардан қашу керек, мұндай қалаулардан бас тарту немесе оны Мәсіхке бағындыру керек.

14. Мұқтаждық пен қалаулар арасындағы айырмашылық
(3-5 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 7-13 бет)

Көптеген студенттерге мұқтаждық пен қалаулардың арасындағы айырмашылықтарды түсіну қиынға соғады. Студенттерге арналған оқу құралының 8 бетінде мұқтаждықтар мен қажеттіліктер тізіміне жүгініңіз. Тізімнен мұқтаждықтардың бірнеше түріне тоқталып, әрбір тармақ бойынша мұқтаждықтар мен қалауларға мысал келтіруін сұраңыз.

Мысалы, сіз тамаққа **мұқтажсыз**. Бірақ пиццаның үлкен тілімін **қалауыңыз** да мүмкін.

Сізге қысқы сырт киім қажет, әсіресе қыстың суық күні ол киім сізге керек. Алайда сіз жеті, сегіз сырт киімді қалауыңыз мүмкін. Немесе қымбат ішікті қалайсыз.

Сіздің достарыңыз болғанын қалайсыз, бірақ нақты бір адаммен дос болғыңыз келеді. Әсіресе, егер ол бай әрі сымбатты адам болса, онда тіпті дос болғыңыз келуі мүмкін.

Мұқтаждықтар мен қалаулардың анықтамасын жазып қойсаңыз, ол сіздің студенттеріңізге пайдалы болуы мүмкін. Олардың пікірінше, осы түсініктердің анықтамасына нені қосуыңыз қажет екенін олардан сұраңыз. Осы курстың материалы бойынша жұмыс барысында қажет болған жағдайда еске салып отыру үшін анықтамалар жазылған постерлер жасап, оны сабақ өтетін бөлмеге іліп қоюға болады. Сол анықтамалардың кейбіреулерін ұсынамыз:

Мұқтаждық – толық қамтамасыз етіліп өмір сүру үшін қажетті нәрселер.

Қалау – біз қалайтын нәрселер, бірақ ол бізде міндетті түрде болудың қажеті де жоқ.

Осы екі терминнің анықтамаларын ұсынғаннан кейін, студенттерге өздерінің мұқтаждықтары мен қалауларының тізімін жасауға уақыт беруге болады. Әрбір тақырыпшалар бойынша олардың мысалдарын жазып қойыңыз. Бұл тізімдерді курс материалдары бойынша жұмыс барысында қажет болған жағдайда еске салып отыру үшін үлкен қағаздарға жазып, кейін оны сыныпта іліп қойсаңыз болады. Алдағы уақытта бұл тізімдерге мысалдарды қосып, жалғастыра берсеңіз болады.

15. Шайтан сіздің мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызға қалай қарайды?
(5-10 минут)

Бір азғырылу сізге екі немесе үш мұқтаждықтарыңыз бен/немесе қалауларыңызды қанағаттандыруға көмектесу үшін шайтанның әрекеті болатынын түсіндіріңіз. Мысалы, шайтанның Мәсіхті бірінші рет азғыруы Исаның тамаққа деген қажеттілігіне бағытталды. Шайтан сонымен бірге Исаның Құдайдың Ұлы екенін дәлелдеуі керек болғанына Оны сендіруге мәжбүрледі. Шайтан осы фактіні дәлелдеуін Мәсіхтің Өзінің қалауына итермелеуге тырысты.

Шайтан сіздің қалауыңыздың шын мәнінде мұқтаждық екеніне сендіруге тырысады. «Сізге осы былғары сырт киім немесе мынау жаңа көлік шын мәнінде керек пе, бұлар болмаса сіздің достарыңыз сізді құрметтемейтін болады», – деп айтады ол.

Шайтанның сізге арналған Құдайдың жоспарынан сізді алыстатуына тырысатын тағы бір әдісі – Құдайдың белгілеген уақытына қарсы шығатын мұқтаждық пен қалауды қанағаттандыруға сізді мәжбүрлейді. «Тез арада рақатқа бөлену» – тәуелді болған адамдардың өмірінде жиі кездесетін тәжірибе. Алайда бұл тәжірибе жүзінде кез келген адамның мәселесі болуы мүмкін. Матай жазған Ізгі хабар 4:2-4 аяттарда Мәсіхтің алғашқы азғырылуы жағдайында болғандай, «тез арада рақатқа бөлену» мұқтаждыққа байланысты азғырылу болуы мүмкін.

16. Шайтан Хауаны қалай азғырды? (5-10 минут)

Сонымен қатар шайтанның сөзінше, Хауа Едем бағындағы жемісті жеуге тыйым салынған ағаштың жемісін жеп көрген болса, онда олар қанағаттандырылады, студенттерге осындай мұқтаждықтар (олар шын мәнінде қалаулар болып табылады) туралы талқылауды ұсыныңыз. Шын мәнінде шайтанның айтуынша, Хауа ол айтқандай істесе, қалағанын алатыны туралы студенттерден Жаратылыстың басталуы 3-тараудан оқуын сұраңыз.

17. Біздің азғырылуларға көзқарасымыз (5-15 минут)

Сіз және/немесе студенттеріңіз жуық арада тап болған азғырылулардың бірнеше мысалдарымен бөлісіңіз. Студенттерден Жұмыс дәптерінің «Менің азғырылуларымды анықтау» 2-жобасының жазған кейбір мысалдарын келтіруін сұраңыз. Шайтанның адамды қанағаттандыруға мәжбүрлеуге тырысатын мұқтаждықтар мен қалаулардың үлгісін талқылаңыз. Сонымен бірге егер сіз шайтанның әдісімен мұқтаждықты қанағаттандыратын болсаңыз, Құдайдың қандай заңын бұзатынын түсіндіріп өтсеңіз.

18. Сабақ материалын тәжірибе жүзінде пайдалану (5-10 минут)

Бүгінгі сабақтың тапсырмасы – күнә жасауға азғыратын кезде шайтанның сені қанағаттандыруға мәжбүрлеуге тырысатын мұқтаждықтары мен қалауларын анықтауды үйрену. Егер студенттеріңіз мұны әлі істемеген болса, онда олардан Жұмыс дәптерінің 2-жобасында келтірген мысалдардағы 3-4 сауалдарға жауапты толтыруды сұраңыз. Студенттерге бастапқыда бұл сұрақтардың жауаптарымен жеке жұмыс жасауын сұрауға болады. Содан кейін студенттердің жауабын талқылау үшін оларды үш, төрт адамнан тұартын топтарға бөліңіз.

19. Тапсырмалар

- А. Жұмыс дәптерінің «**Киелі кітаптағы азғырылулар тақырыбы**» 1-жобасын бағалаңыз.
- Ә. «**Менің азғырылуларымды анықтау**» 2-жобасын орындағанын тексеріңіз. 5-жобаны орындау үшін үшінші сабаққа қажет 2-жобаның материалдарын орындау қажет. Сондай-ақ 2-жобаны тексеріп, кейін студенттерге келесі сабаққа тапсырма беруге болады.
- Б. Жұмыс дәптеріндегі «**Киелі кітапта суреттелген адамдар өздерінің азғырылуларымен қалай күресті**» 4-жобасын түсіндіріңіз. Жобадан байқағандай, студенттердің таңдауына бірнеше нұсқалар ұсынылады. Сіз әсіресе оны келесі сабақ уақытында талқылауда пайдалануды жоспарласаңыз, онда қандайда да бір жолмен студенттердің сол бір нұсқаны таңдамауына жол ашыңыз. Оқытушыларға арналған оқу құралы, 20 бет, 4-бөлім, 2-сабақтың конспектісін қараңыз.
- В. «**Менің мұқтаждықтарым мен қалауларым**» 3-жобасы сіз жаңа ғана аяқтаған сабақтардың материалын қайталау мақсатында әзірленгенін түсіндіріңіз. Студенттер осы жобаның тапсырмасын орындаған кезде сабақтардағы және Студенттерге арналған оқу құралындағы өз жазбаларын пайдалануына болады. Сізге жобаның 2-бетіндегі «**Алдағы уақытта зерттеуге арналған сауалдар**» бойынша оларға қандай тапсырма беруді ойланаңыз.
- Г. Студенттерден келесі сабақтарға дайындалу үшін Студенттерге арналған оқу құралының 2-тарауын оқуын сұраңыз.

20. Сабақты бағалау

Осы сабақтың материалдарын жетілдіру мақсатында өз идеяларыңызды жазып қоюыңызды өтінеміз. Оның қай бөліктері қаншалықты сәтті болды?

Студенттер үшін сабақтың қай бөліктері бәрінен қиын болды?

Студенттер үшін қайсы пайдалырақ болды?

2-сабақ

Азғырылуды қалай жеңуге болады

2

1. Негізгі Киелі кітаптық ақиқат

Азғырылуға ұшырағанда мен Киелі кітаптық жолды есте сақтауым және сол жолмен жүруім керек.

2. Киелі Жазбадағы негізгі аят: Ефестіктерге арналған хат 6:13

Сондықтан Құдай берген «рухани қару-жарақтың» бәрін асыныңдар! Сөйтіп зұлым күштер шабуыл жасаған күні қарсы тұрып ақырына дейін күресіп жеңіп шыға аласыңдар.

3. Студенттерге арналған материалдардың сілтемелері

Студенттерге арналған оқу құралының 2-тарауы осы сабақтың материалына сәйкес келеді. Сабақтың материалымен жұмыс істеу барысында **«Киелі кітапта суреттелген адамдар өздерінің азғырылуларымен қалай күресті»** 4-жобасын пайдалануға болады.

4. Сергіту: «Сіз қай жерде тұрсыз?»

(5-10 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 14-15 бет)

Сабақты «Студенттерге арналған оқу құралының» 14, 15 беттеріндегі **«А. Сіз қай жерде тұрсыз?»** бөлімінде көтерілген тақырыпты талқылаудан бастаңыз. Әрбір мәсіхші ұшырасатын таңдауды көрсету үшін тақтаға қабырғаның немесе қоршаудың суретін салыңыз немесе оны проектор арқылы көрсетіңіз. Тақтаның бір жағына **«Толығымен Құдайдың жолына арналған»** деп жазып қойыңыз. Екінші жағына **«Толығымен шайтанның жолына арналған»** деп жазыңыз.

Енді суретті белгілі Киелі кітаптық бірнеше жақсы танымал кейіпкерлермен суретті толықтырыңыз. Студенттерден олар 4-жобаны орындағанда оқыған кейіпкерлерін суреттеуді сұрауға болады. Көне өсиеттік Жүсіп пен Даниял және оның үш достары туралы мысалдарды **«Толығымен Құдайдың жолына арналған»** бөліміне жатқызуға болады.

Көне өсиеттегі Езабел мен Ахаб қарсы жақа орналастырылады. Яһуда мүмкін қоршау үстінде, шайтанның жағында қалды. Мәсіх айқыш ағашта қағылып тұрған сәтінде Петір шайтанның жағына өтіп, бірақ кейін Құдайдың жолына қайта оралып, істеген ісіне өкінген болатын.

Өз өмірінің соңына дейін олардың қоршаудың үстімен жүруіне болмайтыны туралы түсіндіріңіз. Әр мәсіхші Құдайдың немесе шайтанның соңынан еруге шешім қабылдауы қажет. Осы шешімнің күнәға азғырылуды табысты жеңу үшін қаншалықты маңызды екенін ескеріп өтіңіз.

5. Киелі кітапта суреттелген кейіпкерлер өздерінің азғырылуларымен қалай күресті (10-15 минут)

Жұмыс дәптерінің 4-жобасында берілген әртүрлі Киелі кітаптық кейіпкерлер туралы талқылаңыз. Олардың өмірінде тап болған азғырылуларға қалай қарсы тұрғанына назар аударыңыз. Егер ол азғырылуға берілсе, онда адамның сәтсіздікке тап болуының себептерін анықтауға тырысыңыз.

6. «В. Азғырылуды жеңу деңгейлері» бөлімін талқылаңыз (10-15 минут, Студенттерге арналған оқу құралы 16-21 беттер)

Азғырылуды жеңудің алты деңгейін қысқаша көрсетіп өтіңіз. Бұл деңгейлерді олар күнә жасауға азғырылуға ықпал еткенде пайдалана алатынын түсіндіріңіз.

Азғырылуды жеңу деңгейлері

1. Сіз азғырылуға ұшырағаныңызды саналы түрде түсініңіз
2. Азғырылуға «ЖОҚ» деңіз
3. Құдаймен сөйлесуді бастаңыз
4. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: «Шайтан қандай мұқтаждығыңызды қанағаттандырмақшы?»
5. Осы азғырылуды жеңудің Құдай жолдарын іздеңіз
6. Сіздің мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды Құдайға ұнамды жолдармен қанағаттандыруға көмек болатын мақсаттарды қойыңыз

Студенттерге арналған оқу құралы 16-бет

Студенттерге арналған оқу құралының 16-бетінде берілген толық тізімді қысқаша түсіндіріп бергеннен кейін, осы деңгейлерді нақты азғырылуларда қалай пайдалана алуға болатынына мысал келтіріңіз.

Кейін артқа қарай оралып, әрбір бөлімді нақтырақ талқылап шығыңыз. Студенттерге арналған оқу құралының 16-21 беттерін қараңыз. Әртүрлі азғырылуларды талқылау барысында әр бөлімді қалай қолдану турасында бірнеше мысалдар келтіруге тырысыңыз. Студенттерден Жұмыс дәптерінің 2-жобасы бойынша олар орындаған жұмыстардың ішінен кейбір азғырылуларға мысалдар келтіруін сұраңыз.

7. Мұқтаждықтар мен қалаулардың айырмашылығы (5-10 минут)

Әртүрлі азғырылуларды талқылай келе, бұл Киелі кітаптық әдістің азғырылуды жеңуде және сонымен бірге шайтан жүгінетін мұқтаждықты қанағатандыруда қалай көмектесетінін студенттерге түсінікті болу үшін азғырылуларды мұқтаждықтардан бөліп қарауға тырысыңыз.

Сонымен қатар егер адам шайтанның азғыруына түссе, онда оның Құдайдың қандай заңын бұзатыны туралы түсіндіріп беруге болады.

8. «Егер мен Құдай немесе шайтан болсам» тапсырмасы (10-20 минут)

Бұл тапсырма кіші топтардағы жұмыстарға арналып, сіздердің студенттерге азғырылудың екі жағы – Құдайдың көзқарасын және шайтанның көзқарасын қарастыру мүмкіндігін беру үшін әзірленген.

Жеке қағаздарға нұсқаулықтардың көшірмесін жасап, басып шығарыңыз. Әрбір топтардан азғырылуға тек бір көзқарасты ұсыныңыз. А тобы **«Егер мен Құдай болсам»** тақырыбы бойынша, ал келесі топ **«Егер мен шайтан болсам»** тақырыбында жұмыс істейтін болады.

Сіздің сабақта бірінші кезекте қандай азғырылуды пайдаланатыныңызды анықтаңыз. Егер сіз оқытатын студенттердің тобы негізінен төменде көрсетілген нақты азғырылулармен ұшыраспайтын болса, онда мысалдарды алмастырыңыз. Сіздің топтағы студенттердің көбісі үшін жалпы ортақ болатын азғыруларды пайдалансаңыз болады.

Бұл тапсырманы орындау үшін сізге топты 2-4 адамнан тұратын кіші топтарға бөлу керек. Топтағы адам санын жұп сандарға (2, 4, 6 және т.б.) бөлуге тырысыңыз.

- А. Әрбір топқа **«Егер мен Құдай... немесе шайтан болсам»** тақырыптары бойынша нұсқаулықты таратып беріңіз. Нұсқаулықты түсіндіріп, тапсырманы орындауға 5 минут беріңіз.
- Ә. Әрбір топқа мәсіхшілердің азғырылуды жеңуге немесе азғырылуға берілуге қалай сендіретіні туралы есебін топтың алдында баяндап беруін ұсыныңыз.
- Б. Қалған студенттерден әр топтың орындаған есептерін тыңдауын сұраңыз. Орындаушы топ басқа топты азғыруы тиіс.
- В. Екі жақтың азғырғанын тыңдап болғаннан кейін, студенттерден қай жақ – Құдайдың немесе шайтанның жағы сенімді болғанын талқылауды сұраңыз.

Қандай дәлелдің сенімді болғаны және неліктен сенімді болғаны туралы түсіндіруін сұраңыз. Сонымен бірге неліктен кейбір дәлелдердің сенімсіз шыққаны туралы да сөйлесуге болады.

- Г. Студенттерден Құдайдың және шайтанның тәсілін қалай жетілдіру қажеттігі туралы өздерінің қосымша идеяларымен бөлісуге шақырыңыз. Талқылау барысында шайтан да, Құдай да азғырылуға байланысты мұқтаждыққа немесе қалауларға назар аудартуға тырысатынын түсіндіріңіз.

«Егер мен Құдай немесе шайтан болсам» тапсырмасы

2

1 А. Егер мен Құдай болсам

Егер мен Құдай болсам, мектептегі бақылау жұмысы кезінде сізді көшірмеуге көндіре едім.

Сіздің топқа арналған нұсқаулық: адамды көндіруге тырысу немесе сіздің кеңесіңізге құлақ асу үшін ол адамға айтатын 5 – 10 дәлелдеріңізді жазыңыз.

1 Ә. Егер мен шайтан болсам

Егер мен шайтан болсам, мектептегі бақылау жұмысын көшіруге сізді қалай көндіремкін.

Сіздің топқа арналған нұсқаулық: адамды көндіруге тырысу немесе сіздің кеңесіңізге құлақ асу үшін ол адамға айтатын немесе әрекет ететін 5 – 10 дәлелдеріңізді жазыңыз.

2 А. Егер мен Құдай болсам

Егер мен Құдай болсам, мені белгілі бір ортаға қабылдау үшін ғана темекі тартпауға сізді қалай көндіре едім.

Сіздің топқа арналған нұсқаулық: адамды көндіруге тырысу немесе сіздің кеңесіңізге құлақ асу үшін ол адамға келтіретін 5 – 10 дәлелдеріңізді жазыңыз.

2 Ә. Егер мен шайтан болсам

Егер мен шайтан болсам, сізді белгілі бір ортаға қабылдау үшін темекі тартуға қалай көндіре едім.

Сіздің топқа арналған нұсқаулық: адамды көндіруге тырысу немесе сіздің кеңесіңізге құлақ асу үшін ол адамға келтіретін 5 – 10 дәлелдеріңізді жазыңыз.

3 А. Егер мен Құдай болсам

Егер мен Құдай болсам, сізді ата-анаңыздың тілін алуға қалай көндірмекпін.

Сіздің топқа арналған нұсқаулық: адамды көндіруге тырысу немесе сіздің кеңесіңізге құлақ асу үшін ол адамға келтіретін 5 – 10 дәлелдеріңізді жазыңыз.

3 Ә. Егер мен шайтан болсам

Егер мен шайтан болсам, мен сізді ата-аналарыңыздың тілін алмауға қалай көндірмін.

Сіздің топқа арналған нұсқаулық: адамды көндіруге тырысу немесе сіздің кеңесіңізге құлақ асу үшін ол адамға келтіретін 5 – 10 дәлелдеріңізді жазыңыз.

9. Сабақтың материалын жеке тәжірибеде пайдалану (5-10 минут)

Сабақтың материалын жеке тәжірибеде қолдану бойынша тапсырмалар ретінде студенттерден азғырылудың алты деңгейін жаттап алу үшін жұмыстар беріледі (Студенттерге арналған оқу құралы, 16 бет).

Осы материал бойынша сауалнаманың қашан болатынын хабарлаңыз. Тапсырмалар тізімін қараңыз.

Оларды дәл бүгін алты деңгейді пайдалануды бастауға шақырыңыз. Бірінші деңгейден бастағаныңыз маңызды екенін ескеріңіз. Егер сізге 1-деңгейді пайдалану қиын болса, тым құрығанда оларға бүгін тап болған азғырулардың тізімін құруды ұсыныңыз. Бұл қадам – азғырылуларды ескеруді үйрену әдістерінің бірі.

10. Тапсырмалар

- А. Сабақтың соңында Қорынттықтарға арналған 1-хат 10:13 бойынша сауалнама өткізіңіз.
- Ә. Жұмыс дәптерінің «Менің мұқтаждықтарым мен қалауларым» 3-жобасын және «Киелі кітапта суреттелген адамдар өздерінің азғырылуларымен қалай күресті» 4-жобасын бағалаңыз.

- Б. Егер сіз соңғы сабақта Жұмыс дәптерінің 2-жобасын жинап алған болсаңыз, онда студенттерге бүгін таратып беріңіз. 5-жобаның 2-жобамен байланысын түсіндіріп беріңіз.
- В. Егер сіз шешім қабылдамаған болсаңыз, онда студенттердің келесі сабақта қандай жобаларды орындауы керек екенін хабарлауыңыз қажет. Егер сіз келесі сабақта Жұмыс дәптерінің «Азғырылуға жаңа реакция» 6-жобасын және «Киелі кітаптағы атақты тұлғаға қонаққа бару» 7-жобасын пайдалануды жоспарласаңыз, студенттердің жұмысын уақытылы орындап үлгеруі үшін оны оларға хабарлаңыз.
- Г. Студенттерден келесі сабаққа дайын болуы үшін Студенттерге арналған оқу құралының 3-тарауын оқуын сұраңыз.

11. Сабақты бағалау

Осы сабақтың материалдарын жетілдіру мақсатында өз идеяларыңызды жазып қоюыңызды өтінеміз. Оның қай бөліктері қаншалықты сәтті болды?
Студенттер үшін сабақтың қай бөліктері бәрінен қиын болды?
Студенттер үшін қайсы пайдалырақ болды?

3-сабақ

Азғырылуға қарсы тұруға қалай дайындалу керек

1. Негізгі Киелі кітаптық ақиқат

Мен мәсіхші болғаннан кейін әрбір азғырылуды табысты жеңуім үшін өзімді дайындауым керек.

2. Киелі жазбадағы негізгі аят:

Қорынттықтарға арналған 1-хат 10:13

Сендер әлі күнге дейін қатты сыналған жоқсындар, еліктірген жағдайлар әдетте адамдардың бастарына түсіп жүргендегідей ғана болып келеді. Ал Құдай Өзінің уәдесіне берік: Ол төзімдеріңнен артық сыналуларына жол бермейді. Еліктірілген кездерінде соған шыдауға күш-қуат беріп, құтылып шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді.

3. Студенттерге арналған материалдарға сілтемелер

Осы сабақтың материалына Студенттерге арналған оқу құралының 3-тарауы сәйкес келеді. Сонымен қатар осы сабақта Жұмыс дәптерінің «2. Менің азғырылуларымды анықтау» және «5. Ескі азғырылуларға жаңаша көзқарас» жобаларын пайдалануға болады.

4. Оқытушының осы сабаққа дайындығы

Осы сабаққа дайындалу үшін істей алатын жақсы әрекеттер – «6. Азғырылуға жаңа реакция» және «8. Азғырылуға дайын болу» жобалары бойынша бір-екі азғырылуларға мысалдар келтіре отырып, жұмыс жасау. Осы сабақты жақсы өткізудің кепілі – өз тәжірибеңізде азғырылуларға қарсы тұруға дайын болуды түсіну.

5. Сергіту (5 минут)

Кейбір студенттерден Оқытушыға арналған оқу құралының екінші сабағында айтылған азғырылуға ықпал етудің жаңа әдісін пайдалану тәжірибесімен бөлісу туралы сұрауға болады. Сондай-ақ бұл тақырып Студенттерге арналған оқу құралының 2-тарауында ашыла түсті. Егер сіз сабақтың басында студенттер жеке жауаптарымен бөлісуді қаламайды деп ойласаңыз, онда өзіңіздің өміріңіздегі немесе өткен курс студенттерінің өмірінде орын алған бір-екі мысалдарды келтіруге дайындалыңыз.

6. Азғырылулармен күресу үшін қажет болатын негізгі дағдылар (5 минут)

Сабақтың осы деңгейінде азғырылуларды жеңуге дайын болудың қаншалықты маңызды екенін ескеру үшін бірнеше минут бөліңіз. Сіздің студенттеріңізге азғырылуларды табысты жеңу үшін өзіңіздегі маңызды төрт дағдыны дамыту керек.

- A. Азғырылу басталысымен бірден оны анықтауға дайын болыңыз.
- Ә. Жағдайды бағалауға және сізді қанағаттандыруға шайтанның мәжбүрлеуге тырысатын мұқтаждықтары мен қалауларын анықтауға дайын болыңыз.
- Б. Мұқтаждықтар мен қалауларды қанағаттандырудың Құдайлық жолын ашуға дайын болыңыз және кейін Құдайдың жолымен жүріңіз.
- В. Тағы бір тиімді дағды – азғырылу жағдайында Құдайлық жолмен немесе шайтанның жолымен жүрудің салдарын анықтау дағдысы. Бұл фактор адамның Құдайдың жолымен жүруі үшін күшті мотивациялық ықпал болуы мүмкін.

7. «А. Құдайға жақындай беріңіз» бөлімін талқылаңыз (5-10 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 22-24 бет)

Азғырылуға қарсы тұруға дайын болу үшін Құдайға жақындаудың қаншалықты маңыздылығы туралы талқылаңыз. Мұны материалды қайталау және мәсіхшінің өмірін нақтырақ тану мүмкіндігі ретінде қолданыңыз. Азғырылуды олар басынан кешіре береді және азғырылу олардың өмірінде бола беретіні анық. Сондықтан бұл бөлім азғырылуға дайындықты бастауға болатын ең маңызды орын – Құдайға жақындаудан бастаңыз.

Сондай-ақ азғырылуға қарсы тұруға дайын болыңыз және азғырумен күресудің қаншалықты маңызды екенін ескерген жөн. Бір жағынан бұл – рухани күрес, ал шайтан – мықты жау. Егер біз шайтанның азғыруларымен өз күшімізбен жалғыз күресуге тырысатын болсақ, онда көп жағдайда біз күресте жеңіліс табамыз. Бірақ біз – Құдайдың әскері – әскердің жартысы жеңіске жетуіміз бек мүмкін.

Біз шабуылда жеңіске жету үшін Құдаймен жақын қарым-қатынаста болуға ұмтылуымыз қажет. Сондай-ақ біз азғырылуларға түскенде бізге көмектесетін басқа мәсіхшілермен жақын қарым-қатынаста болуымыз керек. Бұл адамдар – салауатты өмірдің маңызды бір бөлігі. Егер бізде басқа мәсіхшілермен салауатты қарым-қатынастар болса, онда бізде мұқтаждықтарымызды Құдайлық әдістермен қанағаттандыруға көп мүмкіндіктер болады, яғни, біз азғырылулардың билігінің күшін кемітетін боламыз.

8. **«Ә. Өз мұқтажықтыңызды Құдайдың әдістерімен қанағаттандырыңыз» бөлімін талқылаңыз**
(10-20 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 24-27 бет)

«Ә. Өз мұқтажықтыңызды Құдайдың әдістерімен қанағаттандырыңыз» бөлімінде ктерілген маңызды тақырыптарды талқылаңыз. Сабақтарда талқылау кезінде оларды пайдалану үшін бірнеше мысалдар мен жағдаяттарды дайындап қойыңыз. Студенттерден Жұмыс дәптерінің **«2. Менің азғырылуларымды анықтау»** және **«5. Ескі азғырылуларға жаңаша көзқарас»** жобаларында берілген бірнеше азғырылуларға тоқталуын сұрауға болады. Белгілі бір мұқтаждықтарды немесе қалауларды қанағаттандырудың Құдайлық әдістерін анықтау мақсатында Киелі кітапты қалай пайдалану керектігін көрсетуге сабақта уақыт арнаңыз.

Студенттерге Жұмыс дәптерінің 2-жобасы бойынша, әсіресе 4-5 сұрақтардың әрбір мысалдары бойынша орындаған жұмыстарын мұқият бағалауға көмектесуге тырысыңыз. Олардың әрбір азғырылулардың артында тұрған нақты мұқтаждықтар мен қалауларды дұрыс анықтағанын тексеріңіз.

Олар шайтанға қарсы тұру мұқтаждығын білдірді немесе олар шайтан жүгінетін шынайы мұқтаждықтар мен қалауларға бет бұрып, одан әрі кетті ме?

Студенттерге арналған оқу құралының 8 бетінде мұқтаждықтардың толық тізімін таба аласыз.

9. **«Б. Орынды қалауларыңызды Құдайдың анықтап беруіне мүмкіндік беріңіз» бөлімінде таныстырыңыз**
(3-5 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 27-31 бет)

Осы бөлімді ұсына отырып, олардың мұқтаждық пен қалаудың арасындағы айырмашылықты түсінгеніне сенімді болыңыз. Бұл кезеңде бірнеше мысалдар келтіргеніңіз жөн болар.

Мұқтаждықтар мен қалаулар арасындағы айырмашылықтар бойынша қосымша ақпарат алу үшін сабақ конспектілерінің 12-15 тармақшаларына (15-18 беттер) тағы да жүгініңіз. Бұл тақырыпты қайталау студенттер үшін өте маңызды. Студенттеріңіздің күнделікті өмірінде осы ақпаратты қалай пайдалану қажеттігін түсінгеніне сенімді болыңыз.

Студенттерден «1.Құдайға не ұнайтынын анықтаңыз» тармақшасын талқылау барысында бізде қандай Құдайлық қалаулардың болуы керектігін анықтауды сұраңыз. Егер оларда өздерінің жеке идеялары көп болмаса, онда олар Киелі жазбадағы бірнеше аяттарды оқуына болады. Сабақтың осы кезеңінде пайдалануға болатын аяттарын Студенттерге арналған оқу құралының 28 бетінде таба аласыз.

10. «Б. 2. Өткен кезеңдегі күнәкарлық қалаулардан бас тартыңыз» бөлімін талқылаңыз (10-15 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 28-30 бет)

Студенттерен бас тартуы керек күнәкарлық қалауларының тізімін жасап шығуын сұраңыз. Ескі қалаулардан бас тартудың қаншалықты маңызды екенін ескертіп айтыңыз. Егер олар өздерінің мәсіхшілік өмірінде тұрақтылыққа қол жеткізгісі келсе, онда оларды Құдайға ұнамды қалаулармен алмастыруы керек.

Сабақ барысында бірнеше студенттерден ескі күнәкарлық қалауларынан қалай бас тартқаны туралы сұрауға болады.

Сіздің кейбір студенттеріңіз өздеріне бағытталған басқа адамдардың күнәларынан қатты зардап шегуі мүмкін, ол – мысалы жыныстық зорлық болуы мүмкін. Сіздің студенттеріңіз сол адамға өте ашулы болады және жүрегінде оларға кек сақтап қалауы мүмкін. Студенттеріңізге кек алу мәселесін Құдайдың қолына тапсыруға болатыны туралы түсіндіруге уақыт бөліңіз. Егер олар жүрегінде кешіре алмауды және ашуды сақтаса, онда ол өзге адамға қарағанда өзіне көп зиян келтіреді.

Онымен жаман қарым-қатынаста болған адамнан кек алуды жоспарлаудың орнына, дұрыс ықпал етуді жоспарлауға ұсыныс білдіріңіз. Бұл тақырыпты «В. Кейбір азғыруларды болдырмауға болады» бөлімінде қарастыруға болады.

11. «Б.3. Өз қалауларыңызды Киелі кітаптық құндылықтарға сай өлшемімен бағалау» бөлімін талқылаңыз (5-10 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 30-31-бет)

Сіздің студенттеріңізге бұл Киелі кітаптық құндылықтар мәселесін түсіну қиынға соғуы мүмкін. Студенттердің түсінуі рухани жетілу деңгейіне байланысты болады. Кейбір қалауларға мән бермеу керек екенін түсінуге көмектесіңіз. Құдайдың көмегімен былай десек болады: «Мен бұл қалауды өз өмірімде маңызды орынға қоймауға шешім қабылдаймын».

12. «В. Кейбір азғыруларды болдырмауға болады» бөлімін талқылаңыз (10-20 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 31-33 бет)

«Кейбір азғыруларды болдырмауға болады» тақырыбын талқылай отырып, міндетті түрде бірнеше айшықты мысалдарды келтіріңіз. Бірнеше студенттерден белгілі бір азғырылулардан қалай бас тартқаны туралы мысалдар келтіруін сұраңыз.

13. Жұмыс дәптерінің 8-жобасына мысал (10-20 минут)

Сабақтың соңына дейін белгілі бір азғырылуды таңдауға және Жұмыс дәптерінің «Азғырылуға дайын болу» 8-жобасын пайдалана отырып, онымен жұмыс істеуге болады. Бұл өз кезегінде студенттерге осы жобаны қалай орындау қажеттігін түсінуге көмектеседі. Себебі олар бүгінгі сабақ аяқталған соң оны орындауы керек болады.

14. «Г. Шайтанның стратегиясынан сақ болыңыз» бөлімін талқылаңыз (5-10 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 33-34 бет)

Жас сенушілер жиі шайтан қолданатын стратегиялардан шатасып, абдырап қалады. Шайтанның қолданатын алуан түрлі стратегияларын талқылауға уақыт бөліңіз. Олардың кейбірінің тізімін біз Студенттерге арналған оқу құралының 33-34 беттерде келтіргенбіз. Сіз бұл тізімді жалғастырсаңыз болады.

Егер азғырылу қайта оралса, онда мұның бірнеше мағынаға ие екенін міндетті түрде түсіндіріңіз. Бұл олардың Құдайға айтарлықтай жақын емес екенінің белгісі болуы ықтимал. Бұл тақырыпты қозғау үшін Жақыптың хаты 4:7-8 аяттарын пайдаланыңыз.

Азғырылу қайта келетін жағдай болады, алайда бұл рухани әлсіреудің белгісі емес. Лұқа жазған Ізгі хабардың 4:13 аятты және Қорынттықтарға арналған 2-хат 11:14 аятты талқылауға уақыт арнаңыз.

3

15. Сабақтың материалын жеке тәжірибеде қолдану (5-10 минут)

Әр студент жеке тәжірибеде пайдлану бойынша тапсырмасында белгілі бір азғырылуды таңдап, Жұмыс дәптерінің «Азғырылуға дайын болу» 8-жобасын орындау керек. Олар бұл тапсырманы саабқ барысында жасамайды. Студенттердің күнә жасауға азғырылуға тап болған жағдайында оларды үйренгендерін іс жүзінде қолдануға шақырыңыз.

16. Тапсырма

- A. Егер сіз әлі бағаламаған болсаңыз, Жұмыс дәптерінің «Менің азғырылуларымды анықтау» 2-жобасы және «Ескі азғырылуларға жаңаша көзқарас» 5-жобасын бағалаңыз.
- Ә. Жұмыс дәптерінің «Киелі кітаптағы атақты тұлғаға қонаққа бару» 7-жобасын бағалаңыз.
- Б. Сабақтың соңында Жақыптың хаты 4:7-8 бойынша сауланамадан өтіңіз.
- В. Студенттеріңізден келесі сабаққа дайын болуы үшін Студенттерге арналған оқу құралының 4-тарауын оқуын сұраңыз.

17. Сабақты бағалау

Осы сабақтың материалдарын жетілдіру мақсатында өз идеяларыңызды жазып қоюыңызды өтінеміз. Оның қай бөліктері қаншалықты сәтті болды? Студенттер үшін сабақтың қай бөліктері бәрінен қиын болды? Студенттер үшін қайсы пайдалырақ болды?

4-сабақ

Сәтсіздіктерді қалай қабылдаймыз

1. Киелі кітаптық негізгі ақиқат

Мен сәтсіздіктерімді қабылдауды үйренуім керек, өз кезегінде бұл маған Құдайға жақындауыма көмектеседі.

2. Киелі жазбадағы негізгі аят: Еврейлерге арналған хат 4:15-16

Ол бізге жаны ашымайтын, осал жақтарымызды түсінбейтін діни қызметкер емес, қайта өзіміз сияқты әр түрлі сынақтан өтіп көрді, бірақ ешқашан күнә жасаған жоқ. Ендеше рақымы мол Құдайдың тағына нық сеніммен жақындап, өтініштерімізді білдірейік. Осылай көмекке мұқтаж кездерімізде Оның мейірімділігі мен рақымына ие боламыз.

3. Студенттерге арналған материалдарға сілтемелер

Осы сабақтың материалдары Студенттерге арналған оқу құралының 4-тарауына сәйкес келеді. Сондай-ақ бұл сабақта «Киелі кітапта суреттелген адамдар өздерінің азғырылуларымен қалай күресті» 4-жобасын және «Киелі кітаптағы атақты тұлғаға қонаққа бару» 7-жобасын пайдалануға болады.

4. Сәтсіздіктерге екі түрлі көзқарас (5 минут)

Бүгінгі сабақтың басында сіздің сәтсіздіктерді талқылағаныңыз, бұл сіздің оларды құп көреді дегенді білдірмейтінін түсіндіріңіз. Құдайдың жолымен жүрген мәсіхші сізге былай айтпайды: «Иә, бәрі дұрыс. Егер мен Құдайдан сұрасам, Ол мені кешіреді». Құдай біздің азғырылуларға берілгенімізді қаламайды. Ал біз мұқтаждықтар мен күнәға қатысты Құдайдың тұжырымдарына ие болуымыз қажет.

Бір жағынан, біз көпшілігіміз уақыт өткен сайын азғырылуларға тап болып жатамыз. Бұл сабақтың міндеті – біз неге сәтсіздіктерге душар болатынымыздың бірқатар себептерін қарастыру, олардың салдары туралы сөйлесу. Біз сонымен бірге сәтсіздіктерді қалай қабылдауымыз керек екені туралы талқылайтын боламыз.

Азғырылуға қарсы тұрудағы сәтсіздік адамның сол сәтте өз құтқарылуынан айырылып қалатынын білдірмейді. Ешкім мінсіз емес, бірақ біз азғырылуларға қарсы тұру үшін барынша күш сала аламыз. Егер біз сонда да сәтсіздіктерге душар болсақ, осы азғырылумен тағы ұшырасқанда бұдан да артық жеңіске жетуге күшке ие болуымыз үшін осы фактіні мойындап, шынайы болуымыз қажет.

5. «А. Сіз азғырылуға түскенде не болады?» бөлімін талқылаңыз (10-15 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 35-40 бет)

Студенттерден «Сіз азғырылуға түскенде не болады?» деген тақырыпта өз ойын айтуын сұраңыз. Студенттерден азғырылуға берілгеннен кейін олардың не сезінгені жайында бірнеше мысалдар келтіруін сұраңыз.

Осы бөлімде келтірілген 12 себеп-салдарлардың әрқайсысына қанша уақыт бөлу керектігін шешіп алаңыз. Әсіресе **«А-9. Азғырылуға түсу арқылы бізге ненің жақсы және ненің жаман екенін ақтау оңай болады»** тармақшасына баса назар аударыңыз. Біздің көпшілігіміз өздерінің күнәларын ақтап алуды үйреніп алған. Енді біз мәсіхші болғаннан кейін біз бұл «ақтау механизмін» бірден жоғалта қоймаймыз. Шынын айтқанда, кішігірім күнәларды бұрынғысынша ақтау өте оңай болады. Әр азғырылуларға Құдайдың көзқарасымен қарауды үйренудің, өзіміздің ойымызды жаңартудың қаншалықты маңызды екенін ескеру керек.

9-бөлімшеде «жүректің қатаюы» туралы сөз қозғалады. Егер біздің күнәларымызды Құдай әшкерелегенде, біз сол сәттерді жоққа шығарғанда әрі оларға мән бермегенде, онда біздің жүрегіміз оңай қатаятыны туралы мұқият түсіндіріңіз. Біз өмірімізде күнәларымызды қаншалықты ақтауға жол берсек, соншалықты жүрегімізді қатайту оңай болады.

Сонымен қатар Жұмыс дәптерінің 4 және 7 жобаларындағы киелі кітаптық тарихында көрініс тапқан себеп-салдарларды бағалау үшін уақыт бөліңіз.

6. «Ә. Адамдар неліктен азғырылады?» бөлімін талқылаңыз (5-10 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 40-44 бет)

Адамдар неліктен азғырылуға түседі деген сұрақты талқылау брысында Жұмыс дәптерінің **«Киелі кітапта суреттелген адамдар өздерінің азғырылуларымен қалай күресті»** 4-жобасындағы және **«Киелі кітаптағы атақты тұлғаға қонаққа бару»** 7-жобасындағы мысалдарды пайдланыңыз. Киелі кітаптағы көптеген мысалдардағы жағдайлардың себептерінің қандай болғанын біз тек болжай аламыз. Өйткені Киелі кітап адамның неліктен азғырылуға түсуінің себебі туралы айтпайды.

Сондай-ақ студенттеріңіздің азғырылуға қалай ұшырағаны жөнінде жеке мысалдарымен бөлісуді сұраңыз. Олар пайдаланған мысалдарға өте мұқият болыңыз, әсіресе егер сіздің топта екі түрлі жынысты студенттер болса, оны да ескеріңіз. Осы жағдайда жыныстық қатынастарға азғырылуды толығырақ талқылау орынды болмайтыны сөзсіз. Топта тіпті бір жынысты студенттер болса да, сіз талқылайтын нақты мысалдарды келтіргенде абай болғаныңыз жөн. Өйткені ол жөнінде толығырақ талқылау сіздің студенттеріңіздің бұрыс ойларының іске асуына алғышарт болуы ықтимал.

Мұнымен күресу әдістерінің бірі – сабақта орындалған тапсырмаларда студенттер баяндаған мысалдарды алдын ала таңдау. Сіз қолданған мысалдардың иесінің, яғни студенттердің есімін атамай, орынды мысалдар келтіріңіз.

7. Студенттер өздерінің өткен кезеңдегі сәтсіздіктерін қалай бағалайды (5-15 минут)

Студенттерден өздерінің өмірінде тап болған азғырылуларының бір-екеуін бағалауды сұраңыз. Олар не себепті азғырылуға түскенінің себептерін анықтай ала ма? Сәтсіздіктердің себептері болған бірнеше себептер болуы мүмкін. Оларға осы курстың Жұмыс дәптерінің жобаларында пайдаланған азғырылулардың кейбіреулерін қарастыру пайдалы болады.

Олардың неліктен азғырылуға берілуінің себебін анықтау қаншалықты маңызды екенін түсіндіріңіз. Осылайша олар болашақта ұшырайтын азғырылуларына қарсы тұруға дайындалуды неден бастау керектігін түсіне алады.

8. «Б. Азғырылуға түскеннен кейін не істеуге болады?» бөлімін талқылаңыз (10-15 минут, Студенттерге арналған оқу құралы, 44-46 бет)

Адам азғырылуға түскеннен кейін оның не істейтіні туралы мұқият талқылаңыз. Осы бөлімнің әтүрлі тақырыптарын талқылағаннан соң, сол идеяларды сол күні тап болған азғырылулар туралы мінажат еткенде мінажат уақыттарында пайдалануға шақырыңыз.

9. Құдай Киелі кітаптағы Оның көңілін қалдырған адамдармен қарым-қатынаста Өзін қалай ұстады (5-10 минут)

Адам азғырылуға берілгеннен кейін оның не істейтінін талқылағанда, кейбір Киелі кітаптық кейіпкерлердің өздерінің сәтсіздіктерін қалай қабылдағаны туралы бағалаңыз. Дәуіт пен Петір өз күнәларын мойындады. Яһуда күнәсін мойындамады. Адам өз күнәсіне өкінгенде, Құдайдың оны қалай қабылдайтыны жайында талқылауға болады. Дәуіт патша болды, ал Петір уақыт өте қауымның маңызды көшбасшысына айналды.

10. Енді ешқашан сәтсіздіктерге жол бермеу туралы анты (5 минут)

Студенттеріңіз азғырылуға түскеннен кейін Құдайға ант берудің қажеті жоқ екенін оларға түсіндіріңіз. Кейбір мәсіхшілерге ол дұрыс рухани ықпал ретінде көрінеді – ант беру: «Құдайым, жаңа ғана мен азғырылуға түстім. Осы азғырылуға енді түспеймін деп Саған уәде беремін». Мұндай уәделер нақты мәселені шешпейді. Сондай-ақ шайтан адам болашақта тағы түзу жолдан тайғаннан кейін оны одан да көп айыптауларға жеткізудің әдістерін қолданады.

Егер олар Құдайға уәде бергісі келсе, онда келесі сөздерді айтқан жөн: «Құдайым, әр күні Саған жақын болуым үшін Саған ант бергім келеді. Сонымен бірге бұл азғырылулар туралы Сенің сөздеріңді оқып-зерттеу үшін және Саған ұнамды болуға оны қабылдау үшін келесі аптада _____ уақыт өткізуге уәде беремін».

Мұндай уәдені ұстану оңай болады әрі бұл уәде келешекте Құдаймен жақындауға көмектеседі.

11. Материалды жеке тәжірибеде пайдалану (5-10 минут)

Өткен материалдарды жеке өміріңізде тәжірибе жүзінде пайдалану бойынша тапсырмаларды орындағанда өз сәтсіздіктеріңізге қатысты Құдаймен шынайы болыңыз. Студенттер өз күнәларына тезірек өкінуі керек. Олар тағы да сәтсіздіктерден сабақ алу мүмкіндіктерін іздеуі қажет. Бұл сәтсіздіктер болашақта орын алатын сәтсіздіктерге дайындалуға көп күш салуды түсінуге көмектесуі керек.

4

12. Тапсырма

- А. Жұмыс дәптерінің «**Азғырылуға дайын болудың**» 8-жобасын бағалаңыз. Студенттерге дәптерлерін тапсырмас бұрын 7-сұраққа жауап беруін сұраңыз. Егер сіз олардан осы тапсырманы орындауды сұрасаңыз, онда бұл жобаны орындау үшін кейбір студенттерге бірнеше күн кетеді. Ол әрине, олардың жобаны орындау үшін пайдаланатын азғырылумен қашан тап болатынына байланысты.
- Ә. Сабақтың соңында азғырылуды жеңудің алты қадамы бойынша сауалнаманы өткізіңіз.

Азғырылуды жеңу деңгейлері

1. Сіз азғырылуға ұшырағаныңызды саналы түрде түсініңіз
2. Азғырылуға «ЖОҚ» деңіз
3. Құдаймен сөйлесуді бастаңыз
4. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: «Шайтан қандай мұқтаждығыңызды қанағаттандырмақшы?»
5. Осы азғырылуды жеңудің Құдай жолдарын іздеңіз
6. Сіздің мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды Құдайға ұнамды жолдармен қанағаттандыруға көмек болатын мақсаттарды қойыңыз

Студенттерге арналған оқу құралы 16-бет

13. Тапсырманы бағалау

Осы сабақтың материалдарын жетілдіру мақсатында өз идеяларыңызды жазып қоюыңызды өтінеміз. Оның қай бөліктері қаншалықты сәтті болды?

Студенттер үшін сабақтың қай бөліктері бәрінен қиын болды?

Студенттер үшін қайсы пайдалырақ болды?

5-сабақ

Бақылау жұмысы

1. Кіріспе

Келесі курсты таныстырыңыз.

- А. Сіз оқытатын келесі курс жұмыстарының басталғанына дейін орындау керек болатын жұмыс дәптерін және басқа да тапсырмаларды таратып беріңіз.
- Ә. Студенттерден жұмыс дәптерінің соңғы бетін ашуын сұраңыз. Онда Тапсырмалар тізімінің таза бланкісі болады. Оларға әрбір сауалнаманың, жобаның және бақылау жұмысының болатын күнін қайталап айтыңыз.
- Б. Жаңа Студенттерге арналған оқу құралын таратып беріңіз және келесі сабаққа қай бетті оқу керектігін ескертіңіз.

2. Осы курс бойынша бақылау жұмысын өткізіңіз.

- 3. Егер сіз оны ертерек істемеген болсаңыз, онда сіз бағалаған сауалнамалар мен жобаларды таратып беріңіз.

Студенттерге арналған оқу құралы

Осы оқу құралына Студенттерге арналған оқу құралы кірмейді.

Бұл дербес оқу құралы.

Студенттерге арналған оқу құралын қалай қолдану керектігі туралы ақпаратты Оқытушыға арналған оқу құралының 5-бетінен қараңыз.

Жұмыс дәптері

Осы оқу құралына Жұмыс дәптері кірмейді.

Бұл дербес оқу құралы.

Жұмыс дәптерін қалай қолдану керектігі туралы ақпаратты
Оқытушыға арналған оқу құралының 5-бетінен қараңыз.

Студенттерге арналған бақылау жұмысы және Курстан өткені туралы сертификат

Бақылау жұмысы және Сертификаттың бланкісін қалай пайдалану керектігі туралы ақпаратты Оқытушыға арналған оқу құралының 5-бетінен қараңыз.

Таә _____

Азғырылу

Күні _____

Бақылау жұмысы, 1-басылым

Сабақ _____

_____ Бағалау

Сұрақтар: Келісемін – Келіспеймін (әрбір дұрыс жауап үшін 1 балл)

Нұсқаулық: егер тұжырымдаманы дұрыс деп тапсаңыз _____ **X** _____ қойыңыз.

егер тұжырымдаманы дұрыс емес деп тапсаңыз _____ **O** _____ қойыңыз.

1. _____ Егер сіз шайтанға қарсы тұрсаңыз, онда ол сізді азғыруды тоқтатып, қашып кетеді.
2. _____ Азғырылуға дайын болудың ең жақсы әдісі – Құдайға жақындау.
3. _____ Сіз жүрегіңізге мәсіхшілікті қабылдағаннан кейін Құдай өз қалауларыңызға мән бермегеніңізді қалайды.
4. _____ Иса бүгінгі күні адамдар сияқты азғырылғандай, қатты азғырылған емес.
5. _____ Шайтан әрдайым мені жасауға азғырған істің соңғы нәтижесі туралы ойлағанымды қалайды.
6. _____ Құдай барлық сіздің мұқтаждықтарыңызды қанағаттандыруға уәде берді.
7. _____ Шайтан адамдарды күнә жасауға азғырғанда, әдетте ол адамдарды азғыратынын хабарлайды.
8. _____ Құдай мәсіхшілердің барлық күнәкарлық қалаулардан бас тартқанның қалайды.
9. _____ Мәсіхші шайтаннан келетін азғырылулардың алдын алу үшін ешнәрсе істей алмайды.
10. _____ Адамдар азғырылуға берілгенде, әдетте олар өздерінің жасағандарынан уақытша қанағаттандыру мен рақатқа кенеледі.
11. _____ Маған азғырылуларымның себептерінен қашудың қажеті жоқ.
12. _____ Сіз азғырылуларға төтеп беруге қанша уақыт дайындалғаныңыз маңызды емес, шайтан бәрібір сізді күнә жасауға еліктіретін болады.
13. _____ Егер адам азғырылуға берлсе, ол әдетте сол азғырылуларға тағы да оңай берілетін болады.
14. _____ Егер адам күнә жасауға азғырылатын болса, онда ол шайтанды дереу қарғауы тиіс.
15. _____ Шайтан сізді өз күнәңізді Құдайдың алдында мойндағаннан кейін азғырылуға берілгеніңіз үшін өзіңізді кінәлі сезінуіңізге ешқашан мәжбүрлемейді.

Сұрақтар: Келісемін – Келіспеймін

16. _____ Егер өз мұқтаждықтың Құдайға ұнамды жолмен қанағаттандырсам, онда шайтанның осы салада еліктіретін мүмкіндіктері азая түседі.
17. _____ Азғырылуды сезіну – ол күнә.
18. _____ Азғырылуға тап болған сайын мен Құдаймен сөйлесуім керек.
19. _____ Егер адам өз қалауларын бақылаудан шығарып алса, азғырылуға қарсы тұру үшін күнә жасауға азғырылу тым күшті болуы мүмкін.
20. _____ Сіз не істеуге азғырылатыныңыз туралы ойлану – қалыпты жағдай, мұны істеудің қажеті жоқ.
21. _____ Сіз белгілі бір азғырылуларға берілгеннен кейін осы азғырылуға енді ешқашан қайта берілмеймін деп Құдайға уәде берудің қажеті жоқ.
22. _____ Мен күнә жасауға азғырылғанда әрқашан шайтанның мені қанағаттандыруға мәжбүрлегісі келетін мұқтаждығын анықтауға тырысуым керек.

Жауап нұсқалары бар сұрақтар

(әр дұрыс жауап үшін 3 балл)

Нұсқаулық: Мағынасы жағынан ең сәйкес жауапты тандап, сауалдың алдындағы қатарға тиісті әріпті белгілеңіз.

1. _____ Азғырылуды жеңудің ең үздік әдісі бұл:
 - A. Мән бермеу (Өзіңізге айтыңыз: «Ол жоқ»)
 - B. Әр азғырылулар туралы баяндалатын аяттар туралы ойлану
 - B. Азғырылуға күле қарау
2. _____ Құдай адамдарды күнә жасауға қаншалықты азғырады?
 - A. Егер адам күнәкар болса ғана
 - B. Кейде адам Құдайды тыңдамаған жағдайда
 - B. Ешқашан

Қысқаша жауаптары бар сұрақтар

1. Азғырылу дегеніміз не? (6 балл) _____

2. Азғырылуға қарсы тұруға **дайын** болу үшін қандай 6 қадам жасауға болады?
(12 балл, әр дұрыс жауап үшін 2 балл)

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

3. Күнә жасауға азғырылған адамның не істеуіне (ойлауына) болады?
Сабәқта талқыланған 6 тармақтан тұратын жоспарды атаңыз.
(18 балл, әр дұрыс жауап үшін 3 балл)

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

4. Шайтан сізді күнә жасауға азғырған сайын өміріңізде жоқ дегенде бір мұқтаждықты қанағаттандыру үшін мәжбүрлеуге тырысады. Өзіңіздің мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңыздың арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз. (6 балл)

5. Мұқтаждықтар мен қалауларға екі мысал келтіріңіз. Шайтанның мәсіхшіні азғырғанда жиі қолданатын азғырылуын таңдауға тырысыңыз. (8 балл, әр дұрыс жауап үшін 2 балл)

Қалау _____

Қалау _____

Мұқтаждық _____

Мұқтаждық _____

6. Мәсіхші азғырылуға түскеннен кейін не істеуі қажет? Мәсіхшінің бұл жағдайда жасайтын кем дегенде 4 нәрсесін жазыңыз. (8 балл, әр дұрыс жауап үшін 2 балл)

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

7. Жаттауға арналған аяттарды жазыңыз. (14 балл, әр дұрыс жауап үшін 7 балл)

Азғырылу
Бақылау жұмысы, 6-басылым
Жауаптар

1-бет

Сұрақтар «дұрыс/дұрыс емес»

(әр дұрыс жауап үшін 1 балл)

1. X Дұрыс
2. X Дұрыс
3. O Дұрыс емес
4. O Дұрыс емес
5. O Дұрыс емес
6. X Дұрыс
7. O Дұрыс емес
8. X Дұрыс
9. O Дұрыс емес
10. X Дұрыс
11. O Дұрыс емес
12. X Дұрыс
13. X Дұрыс
14. O Дұрыс емес
15. O Дұрыс емес

2-бет

16. X Дұрыс
17. O Дұрыс емес
18. X Дұрыс
19. X Дұрыс
20. O Дұрыс емес
21. O Дұрыс емес
22. X Дұрыс

Жауап нұсқалары бар сұрақтар
(3 балл)

1. Б
2. В

Қысқаша жауаптары бар сұрақтар

1. 6 балл

Мұқтаждықты немесе қалауды
қанағаттандыру үшін шайтан сізді
Құдайдың заңдарын бұзуға мәжбүрлеуге
тырысқанда

Азғырылу Бақылау жұмысы, 6-басылым Жауаптар

3-бет

2. 12 балл, әр дұрыс жауап үшін 2 балл

Тек 6 жауап қажет.

Жауаптардың нұсқасы:

1. Құдайға жақындау
2. Киелі кітап оқу
3. Өзіңіздің ең үлкен азғырылуыңызды анықтау
4. Мұқтаждықты немесе қалауды анықтау
5. Мұқтаждықты қанағаттандырудың Құдайлық жолын ашу
6. Өз мұқтаждығыңызды Құдайға ұнамды қанағаттандыру міндеттемелерін алу
7. Күнәкарлық қалаулардан бас тарту
8. Өзіңіздегі Құдайға ұнамды қалауларды дамыту
9. Киелі кітаптық құндылықтарды өз қалауларыңыз ретінде пайдалану
10. Азғырылулардың алдын алуды үйрену

3. 18 балл, әр дұрыс жауап үшін 3 балл
Азғырылуды жеңу деңгейлері

1. Сіз азғырылуға ұшырағаныңызды саналы түрде түсініңіз
2. Азғырылуға «ЖОҚ» деңіз
3. Құдаймен сөйлесуді бастаңыз
4. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: «Шайтан қандай мұқтаждығыңызды қанағаттандырмақшы?»
5. Осы азғырылуды жеңудің Құдай жолдарын іздеңіз
6. Сіздің мұқтаждықтарыңыз бен қалауларыңызды Құдайға ұнамды

жолдармен қанағаттандыруға көмек болатын мақсаттарды қойыңыз

4. 6 балл

Ұсынылған жауаптар:

Мұқтаждық – сіздің толық қамсыз өмір сүруіңіз үшін қажет нәрсе.

Қалау – сіз қатты қалайтын, алайда онсыз өмір сүруге болатын нәрсе.

5. 8 балл, әр дұрыс жауап үшін 2 балл

Өзіндік жауаптар

4-бет

6. 8 балл, әр дұрыс жауап үшін 2 балл
(Тек 4 жауап қажет.)

1. Өзіңіздің сәтсіздігіңізді мойындаңыз
2. Өзіңіздің мұқтаждықтарыңызды немесе қалауларыңызды анықтап алыңыз, оны Құдайдың әдістерімен қанағаттандыруды жоспарлаңыз
3. Өзіңіздің Мәсіхке арналғаныңызды бағалаңыз
4. Құдай уәдесінің күшін жариялаңыз
5. Өзіңізді кінәлі сезінбеңіз

7. Жаттауға арналған аяттар 14 балл,
әр аят үшін 7 балл

Қорынттықтарға арналған 1-хат 10:13

Жақып 4:7-8

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

курсы бойынша академиялық талаптарды орындағаны үшін

Азғырылу

Біз сіздің осы тақырыпты зерттеуге жұмсаған күш-жігеріңізді жоғары бағалаймыз және осы курстан алған Киелі кітаптық негіздемені өз өміріңізде сәтті пайдаға асыратыныңызға сенім білдіреміз.

Оқытушы _____

Күні _____

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

курсы бойынша академиялық талаптарды орындағаны үшін

Азғырылу

Біз сіздің осы тақырыпты зерттеуге жұмсаған күш-жігеріңізді жоғары бағалаймыз және осы курстан алған Киелі кітаптық негіздемені өз өміріңізде сәтті пайдаға асыратыныңызға сенім білдіреміз.

Оқытушы _____

Күні _____

